

Семей мемлекеттік медицина университеті

Неврология, психиатрия және жұқпалы аурулар  
кафедрасы

**СӨЖ**

Дейл Карнеги бойынша қарым-  
қатынас орнату

Орындаған :Тұмарбекова М.Р  
Тексерген : Жакупбекова Э.А

Семей 2017ж

# Жоспар

## I. Кіріспе

Дейл Карнеги

## II. Негізгі бөлім

1) Қарым-қатынас

2) Дейл Карнеги бойынша қарым-қатынас

орнату

3) Дейл Карнегиден сәтті болу үшін 10 кеңесі

## III. Қорытынды


## IV. Пайдаланылған әдебиеттер



Адам жүрегін жаулап алудың бір ғана жолы -  
онымен оның ең сүйікті нәрсесі жайында  
әңгіме өрбіту.

**Дейл Карнеги**

# Дейл Карнеги (1888ж-1955ж)



Миссури штаты, Меривилл қаласында туды. Америкалық педагог, [психолог](#), [жазушы](#). Өздігінен жетілу туралы көптеген психологиялық курстары бар. Оның кітаптары қазіргі кезде де танымал. Ол жасөспірім болғанда таңғы сағат 4 тұрып, ата-анасымен бірге сиыр сауатын. Осыған қарамастан ол Мемлекеттік педагогикалық колледжге түсе алды. Колледжді бітіргеннен кейін ол ранчо иелеріне курстар өткізді. 1922 жылы Карнеги өзінің ата тегін Carnegie етіп қояды. Карнеги Ходжкин ауруынан 1955 жылы 1 қараша күні қайтыс болды.

# Қарым-қатынас

Қарым-қатынас- бұл біріңғай іс –әрекеттің қажеттіліктерінен туындайтын адамдар арасындағы байланыстың жан-жақты даму үрдісі.

Қарым- қатынас адамдардың бір-бірімен байланысы, оның барысында психикалық байланыс пайда болады, ол ақпарат алмасу, өзара әсер ету, өзара көңіл білдіру, өзара түсіну түрінде аңғарылады.



# Адамдардың сыпайы қарым-қатынастарының үлкен құпиясы

- Адамдардың күшті жақтарын бағалау және шын жүректен олардың оң қасиеттеріне сүйсіну. Барлықтарыңыз жағымпаздық деп ойлайсындар. Бірақ жағымпаздылық, екіжүзділік, жалғандықпен пайдақорлықты әр қадамда кездестіруге болады. Ал шын жүректен мақтау айтсан, ол адамның жадында ұзаққа қалады, ынта тудырады және адамда бар жақсылықты дамытады.



# Қарым- қатынанас орнатқанда адамға ұнаудың алты ережесі

- Шын ниетпен ықылас білдіріңіз
- Адамның есімі есіңізде болсын, ол өте маңызды.
- Жақсы тыңдаушы болыңыз. Өздері туралы айтуға мүмкіндік беріңіз.
- Әңгімелесушіні қызықтыратындай тақырып қозғаңыз.
- Күлімсіреңіз.
- Шын жүректен әңгімелесушінің санасына, оның сіз үшін маңызды екенін айтыңыз.

# Қарым- қатынас орнатқанда әңгімелесуші сіздің ойыңызға сендірудің он екі ережесі.

- 1) Дауда дауыс көтеруге болмайды.
- 2) Әңгімелесушінің сөзі дұрыс еместігін ешқашан айтпаңыз.
- 3) Егер сіз дұрыс айтпасаңыз, өз сөзіңіздің қателігін мойындаңыз.
- 4) Ең басынан достық қарым- қатынасты қалыпта ұстаңыз.
- 5) Қарым- қатынас орнатушымен келіспейтін әңгіме бастамаңыз.
- 6) Көп уақыттың мөлшерін әңгімелесуші сөйлесін.
- 7) Мейлі сіздің әңгімелесушіңіз, осы ойды өзінікі деп есептесін.
- 8) Бір сөзбен айтқанда, әңгімелесушінің көзқарасымен қарауға шын жүректен тырысыңыз.
- 9) Оның ойына, арманына және ішкі жан дүниесіне жанашырлықпен қараңыз.
- 10) Аса маңызды мотивацияға шақырыңыз.
- 11) Өз ойыңыз бен пікіріңізді жетілдіріңіз.
- 12) Бәсекелестік барысында, ұмтылысыңызды артырыңыз.



- Қазіргі сәтпен өмір сүріңіз
- Болмашы нәрсеге мән бермеңіз
- Барлығына басқаларды кінәламаңыз
- Шағымдана бермеңіз
- Үлкен мақсаттардан қорықпаңыз
- Проблемалардан қашпаңыз
- Өз күшіңізге сеніңіз
- Басқалардың көмегін қабылдаңыз
- Мәселені кейінге қалдырмаңыз
- Үнемі күліп жүріңіз

Дейл  
Карнеги  
ден сәтті  
болу  
үшін 10  
кеңес

## Қазіргі сәтпен өмір сүріңіз

Көптеген адамдар өткен өмірлерін жиі еске түсіреді. Олар күні бойына бұрынғы істеген істерімен мақтануға дайын. Бірақ мойындау керек өткен өмір өтті кетті, оны қайтарып ала алмайсыз. Сондықтан, өткенмен өмір сүру сізге тек зиянын тигізеді және қабілетіңіздің бәсеңдеуіне әкеп соғады.

## Болмашы нәрсеге мән бермеңіз

Кей кездері көшеде танымайтын адамнан естіген дөрекі сөздер, күні бойы көңіл-күйіңіздің түсіп жүруіне себеп болуы мүмкін. Егер де сіз өзіңізге сенімді болсаңыз, мұндай майда нәрселерге көңіл аудармаңыз. Ол үшін өзіңізден сұраңыз: "Бұл жағдай 1 жылдан соң маған әсер ете ма?"-деп. Егер жоқ болса, бұл болмашы жайт күш-қуатыңызды кетіріп, көңіліңізді түсіруге тұрарлық па? Ең дұрысы, болашағыңызға тікелей әсері бар нәрселермен шұғылданыңыз.

## Барлығына басқаларды кінәламаңыз

Өз бойындағы кемшілікті жасырудың ең оңай жолы - басқаларға кінәрат арту. Үкіметті немесе бастығыңды аз айлық үшін, болмаса бүкіл әлемді орындалмай қалған армандарың үшін кінәлау оп-оңай. Дегенмен, есіңізде сақтаңыз, алға қойған мақсаттарыңызға жету үшін, жауапкершіліңізді сезінуіңіз өте маңызды.

# Шағымдана бермеңіз

Әрқайсымыз өмірде бір рет болсын шағымданғанмыз рас, себебі бұл барлық адамға тән нәрсе. Адам үнемі шағымданатын болса, негатив орталығына айналады. Егер сіз өз тағдырыңызға риза болмасаңыз, басқаларға шағымданудың орнына оны өзгертуге тырысыңыз.

## Үлкен мақсаттардан қорықпаңыз

Көптеген адамдар сенімсіздіктен өздеріне оңай мақсаттарды таңдайды. Сәтсіздікке ұшыраудан қорықпау керек. Ұмытпаңыз, тәуекел түбі - жел қайық. Сіздің мүмкіндіктеріңіз аса зор, азына келіспеңіз. Адам тек өз мүмкіндігін сезінгенде ғана ірі мақсатқа ұмтылады.

## Проблемалардан қашпаңыз

Біздің негативті көңіл-күйіміз жай жарылатын бомба секілді, кез-келген сәтте жарылуы мүмкін. Сондықтан сізді бір нәрсе мазалап жүрсе оны тап қазір шешіңіз. Проблемалардан қашпаңыз, оларды шешіңіз.

## Өз күшіңізге сеніңіз

Бір нәрсеге өзіңізді сендіру сөзсіз сіз үшін өте маңызды. Егер сіз бір мәселені шешуге сенбей тұрсаңыз, ақылыңыз да бұған дәлел табады. Егер де сіз өз күшіңізге сенсеңіз, күшіңіз сізді әр уақытта тығырықтан алып шығады. Өзіңізді зерттеу барысында өзіңізге деген сенімділігіңіз одан сайын арта түседі.



## Басқалардың көмегін қабылданыз

Кей адамдар көмекке мұқтаж бола тұра одан бас тартады. Бұл - барып тұрған ақымақтық. Көмек сұраудан ешқашан ұялмау керек. Кей кездері бір мәселені шешуге кеткен бірнеше сағат, біреудің көмегі арқылы бірнеше секундте шешілуі мүмкін.

## Мәселені кейінге қалдырмаңыз

Жұмыстарды дәл қазір орындау мүмкін болған жағдайда оларды кейінге қалдыру сіздің мүмкіндіктеріңізді өлтірудің бірден-бір дұрыс жолы. Егер сіз алға қойған мақсаттарыңыздың бірде-біріне жеткіңіз келмесе, оларды үнемі кейінге қалдырып отырыңыз. Егер жоспарлаған мақсатыңызға жеткіңіз келсе, жұмысты дәл қазір бастаңыз. Өзіңізге күмәнданбаңыз. Ұнаған нәрселерді жасаған кезде сіз әрқашан дұрыс жолдасыз.

## Үнемі күліп жүріңіз

Ұмытпаңыз, үнемі жымыйып жүру сіздің құпия қаруыңыздың бірі. Тіпті сізге қатты ашуланған адам жүзіңіздегі күлкіні көргенде абдырап қалып, сабасына түседі.

# Қорытынды

Айналамызға бір сәтке қарап, қарым- қатынасы жоғары деңгейге қол жеткізген адамдарға зер салып қарасақ, олардың бәрі басқаларға ұқсамайтын, басқалардан бөліп тұратын ерекше мінез-кұлыққа ие болады. Дейл Карнеги қарым-қатынастың өздігінен ашыла алмай жүрген кейбір қасиеттерін баяндап берді. Оның еңбектері адамдармен қатынас барысында қарапайым психология қағидаттарын қолдануды үйретеді және жаңа достармен тез әрі оңай иемденуге мүмкіндік береді.

**Назарларыңызға рахмет**

